

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

### «БЖЗК» АҚ телефон алаяқтығының жаңа түрі туралы ескертеді

Соңғы кезде алаяқтар телефон арқылы алдаудың жаңа схемаларын ойлап тапты. Себебі, телефон қоңыраулары – күтпеген жаңалықты естіп, абдырап қалған адамнан құпия ақпаратты алудың немесе оны алаяқтың шотына ақша аударуға мәжбүрлеудің ең көп таралған тәсілдерінің бірі.

Телефон арқылы жасалатын алаяқтықтың жаңа түрі – өзін БЖЗК қызметкері ретінде таныстырып, қандай да бір компанияның бас бухгалтеріне қоңырау шалып, сол ұйымның қызметкерінің зейнетақы шотының бұғатталғаны туралы хабарлайды. Себебі оның компания БСН-ы бар транзиттік шоттарына тыйым салынған. Бұғаттан шығару мақсатында бухгалтерлерге алаяқтардың шотына берешек соманың жартысын салуға кеңес береді, әйтпесе компанияға зейнетақы жарналарын уақытылы есептемегені үшін айыппұл салынады деп қорқытады.

Осылайша, телефон арқылы сөйлесу барысында алаяқтар өз құрбандарын олардың шоттарына үлкен аударымдар жасауға итермелейді. Зиянкестер әлемнің кез-келген елінде болуы мүмкін және көбінесе телефон нөмірлерін интернет желісінен табады, жәбірленушінің аты мен әлеуметтік жағдайын әртүрлі мессенджерлер мен қызметтер арқылы әлеуметтік желілерден біледі.

Мұндай алаяқтық нысанасы болып қалған жағдайда, төмендегілерді білгеніңіз маңызды:

- БЖЗК функцияларына салымшылар мен алушыларға жинақтаушы зейнетақы жүйесі мәселелері бойынша ақыл-кеңес беру, міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тарту, зейнетақы жинақтарының дербестендірілген есебі және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру кіреді;
- зейнетақы жарналарын төлеудің толықтығы мен уақытылы жүргізілуін БЖЗК емес, салық органдары бақылайды;
- зейнетақы жарналарын ұзақ уақыт бойы төлемеген жағдайда, БЖЗК қызметкерлері салымшыларға төлем жасамау себебін анықтап, қажетті ақыл-кеңес беру мақсатында ғана қоңырау шала алады;
- БЖЗК қызметкерлерінің қаражатты белгілі бір шотқа аударуды талап етуге құқығы жоқ.

Кез-келген ақыл-кеңесті **БЖЗК бөлімшелерінен** де, қашықтықтан да алуға болады: көп арналы тегін байланыс арқылы, байланыс орталығының 1418 нөміріне қоңырау шалу, сондай-ақ +7 777 000 1418 нөмірі бойынша WhatsApp арқылы

БЖЗК-ның Одноклассники, Telegram, Facebook, Вконтакте, Twitter және Instagram сияқты танымал платформалардағы әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында.

Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі салымшылар (алушылар) үшін +7 (727) 356-10-60 нөмірі бойынша немесе Қордың корпоративтік сайтында орналастырылған "онлайн қоңырау шалу" сервисі арқылы кеңес алу мүмкіндігі берілген.

*БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтында).*